Қазақстандағы дене тәрбиесі және спорт саласын алғашқы зерттеушілер қатарындағы Мұратхан Таникеев «От байги до Олимпиады» атты үлкен зерттеуінде архиологиялық және тарихи деректерге сүйене отырып қазіргі Қазақстан жеріндегі дене тәрбиесі мен жарыстар дамуы әлемнің басқа бөліктеріндегіден кем болмағандығын толық негіздейді [5].

Ағылшынның «sport» сөзі алғашқы «disport» – ойын, көңіл көтеру сөзінен бастау алып, орыс тіліне «спорт», соңынан қазақ тіліне термин ретінде енді.

Орыс тілінде спор, спорить яғни таласу, айқындау, басын ашу деген мағананы білдіретін сөз бар, осы «спор» сөзі мағанасы түрік тілінде «спорт» деп аталады.

Қазіргі уақыттағы «спорт» сөзі мағынасы қоғамдағы дене тәрбиесі және ойындардың тарихи қалыптасқан кезеңінен бастап адамдарды жарыстық түрлерге арнайы дайындау және жарысқа қатыстыру тәжірибесін көрсетеді.

Қазақ халқында жарысу, бір нәрсеге таласу, оны дәлелдеу кезінде өзара келісілген шаруаның өзгеріссіз толық орындалуы үшін **бәске** тұру бәстесу шарты болған. Бәске бару кезінде әр жақ міндетті түрде орындауға қажетті істерге келіскен. Осы бәске тұру қазіргі спорт ережелерінің негізі болып табылады деп ойлаймыз, себебі барлық спорттық жарыстар қатаң ережелерге бағынып өткізіледі, яғни келісілген шартты орындауға міндеттенеді.

Осы бәске отырғаннан кейін жарысты өткізу кезінде барлық келісілген шарттардың орындалуын қадағалаушы адамдар тағайындалған, ол адамдар қазіргі төрешілер қызыметін атқарған. Осыдан барып төрешілер міндеттері мен құқықтары шыққан деп санаймыз.

Қазақ халқының арасында ұлттық ойындардың спорт түріне айналуына себепші болған және спорт ойындарының негізгі бір талабы болып саналатын жүлде беру салтының болуы. Ерте уақыттан бастап қазақ халқы арасында өткізілген қандай да болмасын жарыстар, ас беру, тойларда жеңген жаққа жүлде тағайындау оны салтанатты түрде беру сияқты дәстүр қалыптасқан.

Әдебиеттер

1. Сулейменов О. Тюрки в доисторией. – Алматы, 2002.
2. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992.
3. Понамарев Н.И. Возникновение и первоначальное развития физического воспитания. – М.: ФиС, 1970.
4. Кун Л. Всеобщая история физической культуры. – М.: Радуга, 1982.
5. Таникеев М.Т. От байги до Олимпиады. – Алма-Ата, 1983.

Автор указывает, что древние олимпийские игры проводились с целью выбора достойного вождя вместо умершего. В этих соревнованиях вместе с грека-

ми участвовали и туркоязычные народы. И, в качестве отличительного знака в те времена, победителей из греков награждали венком на голову, а турков булавой.

Мақсаты – ойындар және олардың спорт түріне айналу жолдарын қарастыру. Көне олимпиадалық ойындардың өткізілуіне себепші болған жағдайларды анықтау.

The author points out that old Olympic games were organized with an aim to choose and appoint a leader after death of a previous one. It was found that Turkic nations participated in these games together with Greeks. As differentiating item between these two nations were garland which was worn on heads of Greeks and a mace which was awarded to Turkic people.

ӘОЖ 9-05 (574)

XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ІРІ ТҮЛҒАСЫ- АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

З.О. Дукенбаева, А.С. Маурапова

А. Байтұрсынов Қазақстан мен Орта Азия халықтарының XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса ірі саяси қайраткер. Ол қазақ халқының сол кездегі қоғамдық- саяси, әлеуметтік- мәдени дамуына зор үлесін қосқан, ұлы реформатор ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынов ғылым, әдебиет пен мәдениеттің жалпы салаларында ондаған жылдар бойы өз елінің игілігіне айналған, сонымен қатар осы күнге дейін қызмет етіп келе жатқан құнды мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми шығармашылық еңбектерің үш салада қарастырған жөн. Біріншіден, ол ағартушы, қоғам қайраткері, зерттеуші. Екіншіден, тіл тағылымы, әдебиеттанудың негізін қалаушы. Үшіншіден, Ахмет – әйгілі ақын, аудармашы. Оның ағартушылық жұмысы және сауатсыздықты жөю бойынша атқарған зор еңбегі осы ғылыми мақалада айқындалады.

Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариаты 1920 жылдың қазан айында Қазақ әскери-төңкерістік комитеті халық ағарту бөлімінің негізінде құрылып, оның тұңғыш комиссары етіп Ахмет Байтұрсыновты тағайындаған [1]. Бұл жөнінде академик К. Нүрпейісов: «Жиырмасыншы жылдардың басында ұлттық демократиялық зиялыларының жекелеген белгілі қайраткерлері Қазақстан мен

Түркістан АКСР-ң мемлекеттік басқару жүйесінде жауапты қызметтер атқарды. Мәселен, А. Байтұрсынов Қазақ АКСР-ң алғашқы Халық Ағарту Комиссары болса, М. Әуезов Республиканың Орталық Атқару Комитетінде жауапты жұмыста болды. Алаш қозғалысының бұрынғы белсенділерінің айтарлықтай тобы ҚазАКСР мен Түркістан АКСР-ң республикалық, губерниялық және уездік деңгейлерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде жетекшілік етуге тиісті орындарда шешуші буынды басқарды» [2],- деп көрсетті. Ғалым айтқандай, Алаш қайраткерлерінің Кеңес үкіметінің ағарту жүйесіне тартылуы большевиктердің мәдени саладағы қайта құруларын орындау үшін қажет болғандығын айғақтайды.

А. Байтұрсынов комиссариаттың барлық мәжілістерінің төрағасы болып, оған өзі тікелей басшылық етті. Комиссариаттың негізгі басты міндеті мен қызметі республикадағы сауатсыздықпен күресіп, оны жою болғандықтан, Ахмет Байтұрсынов комиссариат қызметін төмендегідей бөлімдерге бөліп, бір жүйелі қалыпқа түсірді. Жұмыстың жүйесін төмендегідей бөлімдерді ашу арқылы жүргізді: 1) Мектеп ісі бөлімі; 2) Мектептен тыс жұмыстар бөлімі; 3) Мектеп жасына дейінгі бөлім жұмысы; 4) Балаларды қорғау бөлімі; 5) Жабдықтау бөлімі; 6) Мәдениет бөлімі; 7) Кәсіптік-техникалық білім беру бөлімі; 8) Шаруашылық бөлімі; 9) Қаражат бөлімі; 10) Ғылыми бөлім [1].

Жергілікті халық ағарту мекемелерімен тікелей байланысты орнатып, міндеттерді бас қосып талқылау үшін 1921 жылдың 18 қаңтарында халық ағарту мәселелеріне арналған Орынборда алғашқы Бүкілқазақстандық конференция шақырылады. Конференцияда А. Байтұрсыновтың қозғаған өзекті мәселелері мына деректе: «Осы үстіміздегі жылы қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар аштық, оған әр-бір уездік жергілікті жерлерден халық арасынан сауаты бар 2-3 адамды халықтың ұсынысымен оқуға жібердік, бітірген соң оларға орталықтан шалғай орналасқан ауылдық жерлерден бірінші баспалдақты мектептер ашуына қолайлы жағдай туғызуымыз қажет. Осылай көшпенді халықтар арасында, ауылдық жерлерде халықтың сауатын ашуға мүмкіндік туады [3], – деп педкурстар ашып, мамандар дайындаумен қатар, комиссариат жана еңбек мектебін ашуды жоспарлап отырғанын айтты.

Жетісу облысында А. Байтұрсынов балалар бақшасын ашты. Ондағы сәбилер үйінде 2000-нан астам жетім балалар тәрбиеленді. Семей облысында 1920 жылғы оқу жылында 154 орыс мектебі, 120 ауыл мектебі, 5 орыс-қазақ училищесі, барлығы 279 мектепті ашты. Оларды ашуға Ахмет комиссариаттың қаражат қорынан 264645 мың сом ақша жұмсады, оның ішінде қазақ мектептері мен орыс-қазақ училищелеріне 99681 мың сом ақша жұмсағанын мұрағат

деректері айғақтайды. Семей облысында болған барлық мектептерден 1920 оқу жылының басында ақ гвардияшылардың зардабынан 89 мектеп қана қалған, кейін Кеңес үкіметі азат еткеннен кейін мектеп санын қайта 370-ке жеткізгені деректерден мәлім болды [4]. Орынбордан қазақ балаларына арнап алғашқы жеті жылдық үлгілі-тәрбие мектеп-коммунасы мен оның жанынан 150 орындық интернатын ашты. Аталған мектеп – коммунасында дайындығы бар қазақ мұғалімдері болмаған соң, мектептің барлық басқару жұмысын амалсыз орыс мұғалімдеріне жүктеген. Бұл жағдай төменгі сыныптарда көп қиыншылықтар туғызған.

1920 жылы республикада Түркістан құрамында болған Сырдария облысында 79 жаңа мектеп ашқан және сол жылы қосымша 116 жаңа мектепті қосқан. Республиканың оңтүстік аймағында бірінші болып кәсіптік-техникалық мектептер ішінде – медицина техникумын, педагогика техникумын, фабрика-завод училищесін ашып, іске қосты. Сондай-ақ төңкеріске дейін бірде-бір қазақ мектебі болмаған Затон жұмысшыларының жағдайын ескеріп, олардың балалары үшін арнайы бір қазақ мектебін ашып, кейін бұл мектепті интернаты бар коммуна-мектебіне айналдырған [5].

Ахмет республикадағы мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауында ұстаған. Қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру үшін жаңа мұғалімдерді дайындау мен қатар байырғы мұғалімдердің өздерін қайта дайындықтан өткізіп, білімдерін жетілдірген. Осы мақсатта уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарын ашты. Бұл курстарға қазақ жастарын көптеп тартып, оларға стипендия төлеп отырды [5].

Комиссар байырғы мұғалімдерді қайта тәрбиелеп, Кеңес мектебін орнатушы белсенді қайраткерлер қатарына қосуды өзіне міндет етіп, мұғалімдер семинарияларын қосымша жеті қаладан ашты, атап айтқанда: Ақмола, Семей, Орал, Орынбор, Омск, Верный, Ақтөбеде бұларды кейін үш жылдық педагогтық курстарға айналдырды.

Ахмет білімі жоқ азаматтарға жағдай жасап, оларды оқуға ерікті тыңдаушы ретінде қабылдады. Оларға өздері тыңдаған пәндері бойынша сабаққа қатысуға рұхсат беріп, қажетті білімін алғаннан кейін, білімдерін жалғастырып жетілдіру үшін оларды құқықты түрде арнаулы оқу орындарына қабылдады. Толық құқықты оқушыларға жатақханадан орын беріп, стипендия төледі, ал училищедегі ерікті тыңдаушылардың жағдайларына қарап, оларға да жатақханадан орын және стипендия беріп қамқорлыққа алды. Мектепті бітіргендер үшін бір жылдық педагогтық курстар ашты. Бұл курстарды бітіргендер мұғалім мамандығын алғаннан кейін ауылдық мектептерге жұмысқа жіберілді, мысалы: Семейдегі қысқа мерзімді педагогтық курста 67 орыс, 90 қазақ мұғалімдері оқып шықса,

Торғай, Ырғыз, Шалқар; Темір, Ойыл, Оралдың ауылдық жерлерінде педагогтық курстарды ашты. Торғай және Орал облыстарында 1920 жылдың бірінші маусымнан бастап 100 мұғалім дайындайтын 4 айлық курс ашып, онда 17 пәннен сабақ берілді [6].

1920-1921 оқу жылының басында Орынборда 25 орынды үш жылдық педкурстың қазақ бөлімі ашылды. Сабақты тек қазақ тілінде оқытылды, орыс тілі жеке пән ретінде қалды. Қазақ мұғалімдерін дайындау үшін 1920 жылы сәуірде Ордада Бөкей Ағарту институты ашылып, онда 22 оқушы мен 11 мұғалім өз жұмыстарын атқарып жатты. Мұғалімдер ішінде алтауының ғана жоғары білімі болды. Институтқа лайықты үй табылмағандықтан зертханаларын жабдықтай алмаған, химиялық реактивтер мен еңбек сабағының аспаптары жетіспегендіктен олар бар болғаны малды күтіп, егін шаруашылығымен айналысып, саябақта жұмыс істегендері деректерден мәлім болды [7]. Институттың аяғынан тік тұрып кетуіне азамат соғысы көп бөгет болды. Дегенмен, А. Байтұрсынов педагог мамандардың санын өсіріп республика бойынша 4824-ке жеткізген [7].

Ахметтің басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының 2 айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасайды. Мамандардың тапшылығына байланысты Ахаң Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашады. 1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын ашып іске қосты.

Мұғалімдерді дайындау, олардың саяси және педагогикалық білімін жетілдіру мәселесі Аханды қатты алаңдатты. Сондықтан да Ахмет бұл жұмысқа ерекше назар аударды. Комиссар алдағы уақытта қысқа мерзімді курстарда мұғалімдерді, әсіресе дайындығы аз мұғалімдерді дайындау жұмысын одан әрі жүргізуді тоқтатпады.

1920 жылдың 8 қарашасында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі Халық Ағарту Комиссары А. Байтұрсыновқа қазақ тілінде оқулықтар шығаруды тапсырды. Осы тапсырманы орындау үшін А. Байтұрсынов қазақ тілінде оқулықтарды құрастырушылардың алғашқы тізімін жасағанда, тек Комиссариат қызметкерлері емес, басқа да білімді ұлт зиялыларын шақырды. Ахаң Комиссариаттың алғашқы құрылған күнінен бастап мектептерді оқулықтармен қамтамасыз етудің және қазақ тіліндегі оқулықтарды шығарудың басында болды.

А. Байтұрсынов оқу-ағарту саласын дамытуда өзекті екі мәселені айқындады: біріншіден - оқулықсыз оқу ісін алға бастырту мүмкін еместігі; екіншіден – қазақ зиялылары қауымының ішінде маңдай алды ғалымдарын іріктеп алуы. Ахмет

жұмысты іске асыру үшін мынадай қаулы қабылдаған: «жоғарыда аты аталған ғалымдарды аударма ісіне тарту; бұл мақсатқа қол жеткізу үшін М. Жұмабаев; С. Мұстафин; К. Кемеңгеров; М. Тұрғанбаев сияқты оқулық жазғысы келген азаматтарды пайдалану; бірінші, екінші біріккен еңбек мектебі бағдарламасына сай келетін көрсетілген оқулықтарды қазақшаға аудару: арифметика, алгебра, геометрия, география, жаратылыстану, жалпы тарих және қазақ тарихы, мектеп гигиенасына және аталған пәндер бойынша оқу әдістемелерін қоса дайындап, педагогика мен дидактика, оқу хрестоматиясы, синтаксис және қазақ тілінің сөйлеу теориясын; қазақ мектебінің бірінші, екінші басқышына арналған пәндер бойынша қазақ тілінде оқулықтарды құрастырып жазуды төмендегі зиялы азаматтарға жүктелсін: Арифметиканы – Тұрғанбаев; Геометрияны – Сәрсенов; Жаратылыстануды – Омаров пен Кемеңгеров; Физиканы – Ғалымжанов; Жағрапияны – Бөкейханов; Қазақстан тарихын – Болғанбаев; Мектеп тазалығын – Тілеулин; Бастауыш алгебраны – Омаров; Педагогиканы – Жұмабаев; Дидактиканы – Аймаутов. Бұл пәндер бойынша оқулықтарға арнап әдістемелерді құрастыру аты аталған азаматтарға тапсырылсын. Оқуға арналған кітаптар, хрестоматиялар, қазақ тілінің синтаксисі мен қазақ тілінің сөз теориясын дайындау төмендегі зиялы азаматтарға жүктелсін: Хрестоматияны – Сейфуллин мен Аймаутов; Қазақ тілінің синтаксисін – Байтұрсынов; Сөз теориясын – Жұмабаевқа. Ересектер үшін хрестоматия құрастыру Ж.Аймаутов пен С.Сәдуақасовқа тапсырылсын» [8].

Айта кету керек, А. Байтұрсынов қазақ халқының сауатты болуына өте қатты назар аударған, сондықтан да 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің тілі қазақша болғанымен, оның қазақша жазуы және ресми түрде қабылданған графикасы болмаған, сол себептен әр мұғалім өз ыңғайына қарай араб жазуларын пайдаланған болатын. Айтылған мәселеге байланысты Ахмет 1912 жылы Орынбордан Каримов пен Хусаиновтардың баспасынан «Оқу құралын», Қызылорда, Ташкент баспалары бірігіп «Әліппесін» 1926 жылы шағырды. Бұл жеті рет жарық көрген еңбегі мемлекеттік Білім Кеңесінің бағдарламасына үйлесімді болып шықты. Аталған еңбектерге қосымша ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліппесін» 1924 жылы Орынбордан, 1926 жылы Семейден басып шығарды. 1928 жылы Қызылордадан «Тіл жұмсар» атты екі кітаптан тұратын еңбегі жарық көрді. 1912 жылы Орынборда басылып шыққан «Баяншы» атты еңбегі 1920 жылы Қазаннан қайта басылып, ал 1921 жылы Ташкенттен «Әліппесі астары» шықты.

А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту саласына қиыншылықтарға қарамастан материалдық көмекті көбейтіп, мектеп үйлерін салып, оны құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, қазақ балаларын барынша оқуға тартып, сауатсыздықты жою жолындағы күресі. Екіншіден, мұғалім мамандарының санын артып, ағарту ісін

жалпы халықтық мәнге айналдыруы. Үшіншіден, А. Байтұрсыновтың қазақ зиялыларын Комиссариатқа көптеп тарту арқылы ағарту ісін бір жүйеге түсіруі. Төртіншіден, А. Байтұрсынов Халық Ағарту Комиссары болған қысқа мерзім ішінде республикада педагогика саласының негізін бір жүйеде қалыптастыруы. Бесіншіден, ғылыми-зерттеу қоғамын басқара отырып республика ғылымының дамуын қалыпты жүйеге түсіруі. Алтыншыдан, қазақ мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуде, ғалымдарды ғылыми салаларға топтастырып және қазақ зиялы қауымын ғылымға жұмылдыруы. Жетіншіден, Академиялық Орталықты басқара отырып, қазақ қоғамына жас ғалым мамандардың басын қосып тәрбиелеуінде.

Көп жылдар бойы өзіне үзінгілес серігі болған, сырлас-інісі болған М. Дулатов ағасы туралы өз бағасын: «Кеңес үкіметі кезінде А. Байтұрсынов әртүрлі жауапты қызметтер атқарды және сонымен қатар мұғалімдік-педагогтік қызметін тоқтатпады. Қазіргі уақытта Қазақ институтының оқытушысы және Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы және қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы. А. Байтұрсыновтың ғылыми-педагогтік еңбегінің арқасында біз қазақ әліппесін, фонетикасын, синтаксисін, қазақ тілінің этимологиясын, сөз өнері теориясын және мәдениет тарихын білеміз. А. Байтұрсынов бұл күрделі еңбегімен қазақ сөз өнерін жоғары басқышқа көтеріп және ұлттық мектеп пен ана тілі үшін мықты фундамент салды» [9], – деді.

Әдебиет

1. ҚРОММ. 81к. 4т. 8іс. 290 п.
2. Кеңестердің Бүкілқазақстандық бесінші съезінің қарары. Орынбор, 1925. – 18 б.
3. ҚРОММ. 81к. 1т. 61 іс. – 6 п.
4. ҚРОММ. 81к. 1т. 88іс. – 70 п.
5. ҚРОММ. 81к. 1т. 21 іс. 104 п.
6. ҚРОММ. 81к. 1т. 21 іс. 104 п.
7. ҚРОММ. 81к. 1т. 4іс. – 382 п.
8. ҚРОММ. 81к. 1т. 58 іс. – 12 п.
9. Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов. – Алматы: Мектеп. Т 5. 2003. 59-66 б.б.

В данной статье раскрывается просветительская и общественная деятельность яркого представителя казахской интеллигенции начала XX века Ахмета Байтурсынова.

Осы мақалада XX ғасырдың қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі Қазақстан тарихының ірі тұлғасы Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық жұмысы және қоғамдық қызметінің мәселелері зерттеледі.

The article reveals educational and social activity of wellknown representative of Kazakh intelligentsia of the beginning XX century – Ahmet Baytursynov.

УДК 371.38

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАЛАКОЛОГИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА ДЛЯ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ШКОЛЕ

Ж.Р. Кабдолов, Г.А. Оразалина, Н.Е. Тарасовская, В.И. Пашкевич

Научная специализация студента-дипломника или магистранта биологической специальности педагогического учебного заведения обязательно предполагает не только более детальное практическое изучение определенной группы живых организмов, но и составление соответствующих методических разработок для использования своего научного опыта в школе. Современные учебные заведения, в том числе и средняя общеобразовательная школа, функционируют во многих отношениях иначе, нежели два-три десятилетия назад. Сейчас уже все учителя и преподаватели вузов признают, что образование на любом этапе может быть качественным только в сплаве с наукой. Именно в этом залог рационального сочетания репродуктивного и продуктивного (креативного) начала в учебном процессе, творческого развития всех обучаемых и индивидуального подхода к каждому из них, тесной взаимосвязи теории с практикой, формирования целостного мировоззрения и гармоничного взаимоотношения с окружающим миром. С учетом этих современных требований, успешным может быть только тот учитель, который сам во время обучения в вузе активно занимался наукой.

Безусловно, любая научная область, в том числе и в биологии, имеет свою специфику, свою феноменологию и методологию. И все же будущий специалист, освоивший в вузовском или послевузовском курсе определенный узкий раздел биологической науки, должен рассматривать его и в образовательном ракурсе – в

аспекте применения в учебных заведениях. Эталон современного учителя биологии – это не обширные, но поверхностные знания во всех областях естествознания, а знание основ всех естественных наук (в необходимых рамках образовательной программы) в сочетании с глубоким научным хобби, адаптированным к школьным условиям, плюс готовность к совместной творческой работе с учениками.

Малакология как научная специализация биолога открывает широкие возможности для использования полученных знаний и навыков в учебных заведениях. Моллюски являются пусть не самой многочисленной по количеству видов, но широко распространенной группой беспозвоночных животных, которые играют существенную роль в природных экосистемах, агроценозах и хозяйственной деятельности человека, и с которой ученики часто сталкиваются в обыденной жизни. Нередко опыт сбора раковин или живых моллюсков приобретает дети еще в дошкольном возрасте, и, конечно же, своеобразный внешний вид, наличие раковины, способ передвижения моллюсков всегда вызывают у детей множество вопросов.

Каждый регион Казахстана имеет свой видовой состав пресноводных и наземных моллюсков, не везде еще в полной мере изученный, что дает возможность учителям и ученикам создавать интересные научные проекты с получением новых данных. Многие моллюски могут успешно содержаться в домашних и лабораторных условиях, имеют эстетичный внешний вид, а значит, вправе претендовать на роль новых видов декоративных и лабораторных животных, а также учебно-методических объектов. Перспективными являются программы и разработки по пищевому и кормовому использованию ряда крупных и быстро размножающихся моллюсков, и в такой работе вполне могут принять участие учителя биологии совместно с заинтересованными учениками.

Доступность, безвредность и безопасность, простые и доступные способы отлова и содержания моллюсков позволят учащимся получить первые практические навыки в области зоологии беспозвоночных, и для кого-то это будет первым шагом в большую науку. А главное – возможность реальной практической работы позволит учителям и ученикам создавать деятельные, творческие, практически значимые проекты с существенной научной новизной, исключая плагиат, полную репродуктивность, некритическое и некорректное использование литературных данных и электронных ресурсов (что сейчас является главным недостатком многих школьных научных проектов).

Коллекционирование раковин моллюсков может стать спонтанно пробудившимся хобби у многих учащихся, начиная с младших и подростковых классов. Любое коллекционирование – занятие увлекательное, захватывающее, в позитив-

ном смысле слова «заразное». В некоторых случаях предметом увлечения может стать изготовление картин или поделок из разнообразных раковин. Со временем это хобби может перейти в устойчивый научный или эстетический интерес. И этот интерес, будучи по своей природе просоциальным, общественно-полезным, сможет поставить заслон таким возможным порокам, как алкоголизм, наркомания, склонность к азартным играм, приверженность деструктивным сектам и прочим видам психоэмоциональной зависимости. Эмоциональных и азартных подростков много, но это не означает, что все они приобретут антисоциальную зависимость или станут общественно опасными личностями. Без эмоций и страсти не бывает настоящих творческих людей – художников, писателей, ученых; нужно только в юности направить бурные эмоции в нужное русло, дать достойную привязанность для большой страсти. Кто сможет сделать это? Только учитель, который сам по-настоящему чем-то увлечен – наукой, коллекционированием, какими-то видами прикладного искусства. А материал для удовлетворения коллекционных и творческих хобби можно найти всегда: небольшой поход на природу – и можно оформлять коллекцию или изготавливать поделки из оригинальных раковин.

Малакологические наработки учителя могут быть логично вписаны в содержание учебных занятий по многим разделам школьной биологии, внеклассных воспитательных мероприятий, а также пополнить экспозиции наглядных пособий в школьном кабинете биологии (что особенно важно при бедной материально-технической базе или недоступности фабричных учебных пособий). Коллекции местных моллюсков, собранные учителем совместно с учащимися, смогут составить основу небольшого школьного музея природы. Роль такого регионального материала трудно переоценить: это не только богатый иллюстративный материал для уроков зоологии и общей биологии, но и действенное средство эстетического, экологического и патриотического воспитания. При использовании коллекций раковин или фиксированных моллюсков на уроках или классных часах, учащиеся смогут в полной мере оценить богатство и разнообразие природы родного края, своеобразие и эстетический внешний вид раковин, практически усвоить роль моллюсков в природе и деятельности человека.

В разделе «Животные» обзор моллюсков занимает значительное место. При изучении внешнего и внутреннего строения моллюсков, соответствующие уроки можно обеспечить нативным материалом для демонстрации или проведения лабораторно-практических занятий. Для этого можно отловить моллюсков в природных ландшафтах на окраине населенного пункта, а можно использовать экземпляры, содержащиеся в садках в школьной лаборатории. Значение моллюсков в природе и жизни человека, их экологию и образ жизни можно изучить экс-

курсионным методом, что особенно целесообразно при хорошем знании учителем местной малакофауны и типичных ландшафтов обитания наземных и пресноводных моллюсков. При изучении жизненных циклов паразитических червей необходимо подчеркнуть существенную роль моллюсков в циркуляции трематод, имеющих медико-ветеринарное значение, и осветить эпизоотологическую обстановку по наиболее важным трематодозам региона. Важно также отметить роль моллюсков как возможных резервуарных хозяев ряда паразитических червей, в частности, потенциальную роль в сохранении возбудителей трихинеллеза.

В разделе «Растения» учащиеся при изучении соответствующих тем рассматривают такие вопросы, как условия жизни растений, почвообразование, вредители дикорастущих и культурных растений. Пресноводные моллюски, будучи фитофагами, играют огромную роль в регуляции массы водных растений и круговороте вещества в водоеме. Наземные моллюски, наряду с другими беспозвоночными, принимают участие в процессе почвообразования, а многие виды являются реальными или потенциальными вредителями сельского хозяйства.

Общебиологические дисциплины, изучаемые в старших классах (особенно экология и эволюционное учение) целиком базируются на фактических знаниях о растениях и животных. При изучении общей биологии нередко приходится обращаться к сведениям, ранее полученным в разделах «Растения» и «Животные». Однако изучение этих разделов осуществляется в подростковых классах, а старшеклассники должны получать более серьезные сведения о живых организмах для иллюстрации основных эколого-эволюционных закономерностей. И желательно, чтобы этот материал был связан с экологическими и экономическими проблемами региона, а его использование на уроках носило наглядный и практический характер. В этом случае, малакологический материал, собранный учителем вместе с учащимися на экскурсиях, может послужить для иллюстрации многих тем по общей биологии и проведения лабораторных занятий. На занятиях по генетике изучение закономерностей модификационной изменчивости и построение вариационных рядов можно проводить с использованием раковин моллюсков. Учащиеся практически освоят основные конхологические промеры, методики измерения живых моллюсков, приобретут навыки работы с измерительными приборами, математической статистики, графического отображения результатов.

Кроме того, раковины моллюсков, собранные на экскурсиях, могут быть использованы на уроках рисования и труда. Зарисовка основных деталей раковин различной формы хорошо развивает пространственное воображение учащихся. Поделки, изготовленные из раковин, сувениры, картины для кого-то из одаренных учеников могут стать отправной точкой самостоятельного творчества, а, мо-

жет, и создания собственного оригинального жанра декоративно-прикладного искусства.

Помимо уроков биологии, учитель может и должен организовывать предметные кружки и факультативы для заинтересованных учащихся. Такие кружки с регулярным режимом занятий являются базой для подготовки научных проектов учителей и учащихся. При этом, в работе кружка может использоваться материально-техническая база и кадровый потенциал региональных вузов; при этом не только повысится качество научно-исследовательской работы учащихся, но и будет осуществляться профориентационная работа среди подростков и молодежи. Знакомство с различными сторонами будущей профессии и обретение ряда практических навыков может предостеречь молодых людей от поверхностного выбора сферы деятельности и возможных разочарований.

Наш небольшой опыт работы малакологического кружка в СОШ № 2 г. Павлодара, занятия которого проводились на базе Павлодарского государственного педагогического института, позволил убедиться в эффективности таких занятий и их пользе для учащихся.

Программа организованного нами кружка была следующей.

№ п/п	Тема и содержание занятия	Необходимое оборудование	Кол-во часов и методы проведения
1	2	3	4
1.	Значение моллюсков в природе и жизни человека. Структура малакологии, ее взаимосвязь с другими разделами зоологии.	Иллюстративный материал (в том числе электронный), компьютерная презентация.	Беседа, 2 ч.
2.	Краткая история изучения моллюсков в Казахстане и мире. Биографии известных малакологов. Малакологическая работа в Павлодарской области и ее актуальность.	Портреты ученых, архивные материалы, атласы, учебники, монографии выдающихся зоологов и малакологов	Лекция, 2 ч.
3.	Внешнее и внутреннее строение различных классов моллюсков. Наземные брюхоногие моллюски, их роль в природе и хозяйственной деятельности человека.	Компьютерная презентация, изображения моллюсков, атласы, определители	Беседа, 2 ч.
4.	Сбор и хранение моллюсков. Проведение малакологических экскурсий. Этика отношения к живым организмам при научных сборах.	Банки, садки, этиловый спирт, блокноты, карандаши, фотоаппарат, литература по проведению полевых практик	Практическое занятие в классе – 2 ч. Экскурсия в окрестности города – 6 ч.

1	2	3	4
5.	Оформление и хранение коллекций моллюсков и конхологического материала в музеях. Экспозиция моллюсков в музее природы Павлодарского государственного педагогического института.	Блокноты, карандаши, фотоаппарат	Экскурсия в музей природы ПГПИ, общее ознакомление с экспозициями и с материалом по современным и ископаемым моллюскам – 4 ч.
6.	Измерение моллюсков и раковин. Основные конхологические промеры.	Раковины, штангенциркуль, линейка, циркуль-измеритель, тетради, ручки, карандаши	Практическое занятие в лаборатории ПГПИ – 4 ч.
7.	Определение брюхоногих моллюсков. Признаки, лежащие в основе определения.	Определители, электронные атласы моллюсков, коллекции раковин	Практическое занятие в лаборатории – 4 ч.
8.	Практическая работа по изучению морфологической изменчивости акклиматизированного в Павлодарской области моллюска <i>Fruticicola lantzii</i> методом морфометрического анализа и фенетики	1 этап – сбор моллюсков и их раковин. Банки для сбора материала, карандаши, полевые дневники.	Экскурсия на восточную окраину г. Павлодара со сбором моллюсков – 4 ч.
		2 этап – ознакомление с методами фенетики. Учебник А.В. Яблокова и А.Н. Лариной «Введение в фенетику популяций», раковины, бумага для зарисовок, карандаши.	Лекция-беседа с проработкой отдельных вопросов по учебнику. Выделение фенотипов у <i>F.lantzii</i> – 2 ч.
		3 этап – описание фенотипов раковины моллюсков из алматинской и павлодарской популяций с измерением раковин. Тетради, карандаши, линейки, штангенциркуль.	Практические занятия в лаборатории – 10 ч.
9.	Статистическая обработка малакологических данных. Расчет долей признака, средних величин и их ошибок репрезентативности. Критерии сравнения.	Руководства по математической статистике (Лакин, Урбах, Плохинский), микрокалькуляторы, тетради, ручки, карандаши	Практическое занятие – 4 ч. Обработка полученных данных по результатам измерения и описания фенотипов.
10.	Разведение моллюсков в домашних и лабораторных условиях	Садки для содержания моллюсков, литература и электронные источники по содержанию моллюсков в искусственных условиях	Практическое занятие – 2 ч. индивидуальные задания.

1	2	3	4
11.	Экология пресноводных и наземных Павлодарской области. Адаптации к условиям определенных сезонов и ландшафтов, переживание зимнего периода.	Литература по экологии моллюсков, электронные и видеоматериалы Банки, садки для моллюсков, этиловый спирт, блокноты (полевые дневники), бумага, карандаши Коробки, клей, лак, бумага для этикеток, тушь, штангенциркуль, атласы-определители моллюсков.	Лекция с компьютерной презентацией – 2 ч. Сезонные экскурсии (весна, лето, осень) – 3*2 ч. Практическое занятие по определению и оформлению коллекций – 4 ч.
12.	Эпидемиологическое и эпизоотологическое значение моллюсков	Изображения моллюсков – промежуточных хозяев трематод (битинии, малого прудовика, янтарки), схема цикла развития описторха, печеночного сосальщика, дикроцелия, диплосоматид промысловых рыб.	Беседа с демонстрацией иллюстративного материала – 2 ч.
13.	Редкие и охраняемые виды моллюсков Казахстана и Павлодарской области	Красная книга Казахстана, изображения редко встречающихся и охраняемых видов моллюсков, коллекции из музея ПГПИ	Лекция с демонстрацией иллюстративного материала – 2 ч.
14.	Моллюски – вредители сельского хозяйства Павлодарской области. Естественные враги вредителей сельского и лесного хозяйства, биологические методы борьбы.	Определители, изображения слизней – реальных и потенциальных вредителей, тематические коллекции	Лекция с демонстрацией иллюстративного материала и элементами беседы – 2 ч.
15.	Одомашнивание моллюсков. Моллюски как продуктивные, декоративные, лабораторные животные.	Живые гигантские ахатины, слайды и видеоматериалы о пользе и вреде ахатин, изображения виноградной улитки, кальмаров. Сувениры, изготовленные из раковин.	Беседа с демонстрацией живого и иллюстративного материала – 2 ч.
16.	Час вопросов и ответов. Малакологическая викторина.	Заранее подготовленные вопросы викторины, призы для наиболее активных участников. Почтовый ящик, в который ученики заранее кладут вопросы учителю, на которые они хотели бы получить ответы.	Итоговое мероприятие кружка – беседы, игры, конкурсы, награждение – 4 ч.

Итогом кружковых занятий стала защита научного проекта в СОШ № 2, где двое учащихся заняли призовые места, а их работы были рекомендованы для участия в городском конкурсе научных проектов.

Одной из существенных трудностей работы с учащимися подростковых классов была необходимость приучить их к регулярному кропотливому труду по измерению и описанию раковин. Однообразная и утомительная работа вскоре стала восприниматься учениками негативно, так как они, в силу своих возрастных особенностей, ожидали от научной работы постоянной смены ярких впечатлений (как во время экскурсий в природу или в музей). По причине небольшого жизненного опыта, ребята не могли предвидеть конечный результат текущей работы по сбору и обработке материала. Пришлось объяснить, что получение достоверных результатов в науке всегда требует большого труда, часто нудного и однообразного. Для смены впечатлений периодически переключали внимание учащихся на коллекции лаборатории и музея, иллюстрированные книги по малакологии – с соответствующими пояснениями. А результат школьники увидели уже после статистической обработки данных (которая тоже была по-своему трудна и требовала внимательности) – когда оказалось, что акклиматизировавшиеся в Павлодаре моллюски отличаются от Алматинских. И уже тогда наступил период творчества: нужно было выдвинуть гипотезу, с чем связаны эти различия, а затем проверить свои предположения, заглянув в книги и выслушав мнение специалистов. Мы считаем, что учащимся любого возраста необходимо показывать весь процесс научного творчества от начала до конца, чтобы работа над проектом была не «игрой в науку», а настоящим и реальным посильным вкладом в нее.

Мақалада малакологиялық объектілерді мектептің оқу-тәрбие жұмысында және үйірмедегі оқушылардың жобалық жұмыстарында пайдалану тәжірибесі қарастырылады. Аймақтық материалдардың көптеген оқу-тәрбиелік міндеттерді шешудегі роліне көңіл аударылады.

В статье рассматривается опыт использования малакологических объектов в учебно-воспитательной работе школы и проектной деятельности учащихся в кружке. Подчеркивается роль регионального материала для решения многих учебно-воспитательных задач.

In the article the experience of using of mollusks as the objects of educative work in the school and projective scientific work of pupils in the section was considered. The role of regional material for the decision of many educative problems was emphasized.

УДК 988:779:13

**ЭТНИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ТҰЖЫРЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

К.Т. Омарова, М.Н. Шаяхметова

Қазіргі таңда жаңа мыңжылдық талаптары мен міндеттеріне жауап бере алатын этникалық толеранттылығы қалыптасқан азаматты тәрбиелеу жалпыадамзаттық проблема Қазақстан үшін ерекше өзекті сипатқа ие болып отыр, себебі біздің еліміз Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия мәдениетін бойына қатар сіңірген, көптеген халықтардың тарихи тағдырлары тоғысқан Еуразия аймағында орналасқан, ықпалды да, орнықты дәнек сынды дәстүрлі қазақ мәдениеті маңына ұйысқан сан алуан мәдени бояулы, көп конфессиялы мемлекет болып табылады.

Болашақ маманның этникалық толеранттылығын қалыптастыру мәселесі бірқатар нормативтік құжаттарда, авторлық тұжырымдамаларда көрсетіледі. Мәселен, Қазақстан Республикасының Конституциясында «...мақсаты мен міндеттері ұлтаралық қақтығыстарды тудыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер..., саяси партиялар» құруға жол берілмейтіні атап көрсетіледі [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің қатарында: а) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ә) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу; б) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту орын алған. Ал «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім Тұжырымдамасында» этникалық мәдениеттерді қалпына келтіру мен дамытуға және олардың арасында жалпыұлттық бірлік мүддесіндегі өзара іс-характерге мүмкіндік туғызудың маңызы зор екендігі көрсетіліп, ұлттар мен ұлттық топтардың білім беру саласындағы этникалық-мәдени сұраныстарын қанағаттандыруда іс жүзіндегі тең құқықтылығының қамтамасыз етілуі, проблеманы шешудің бағдарламалы және кешенді жолдарының, көп ұлтты мәдени болмыстың күрделі процестерінің әртүрлі жақтарының ескерілуі басты прин-

циптер қатарынан орын алған [2]. Сол сияқты, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдайлар жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар ұстау этникалық-мәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде ұсынылады.

Осы Тұжырымдаманың өзегіне «Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға деп ұғынылады» деген қағида алынады. Қазақстан азаматының этникалық-мәдени білім жүйесіндегі жеке құқықтық санасының басты мақсаттағы сипатының бірі – әрбір тұлғаның белгілі бір ұлтқа қатыстылығы оған ешқандай айрықша құқық пен бостандық қосылмайтыны жөніндегі Қазақстан мемлекеттігінің объективті факторын жеке ұғынуы болып табылады. Шын мәніндегі Қазақстан патриоты қай ұлттың болсын азаматынан өзіне тең тұлғаны көреді. «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім Тұжырымдамасының» құндылығы – өз ұлтының құндылықтары арқылы басқаларға толерантты қатынас керектігін айқындауда. Бұл жерде ультраұлтшылдық идеяларынан бас тарту, өз ұлтының патриоты бола отырып, өз жерінде өмір сүре отырып толеранттылық принциптерін сақтауға ұмтылу арқылы «этникалық-мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке қол жеткізуге» болатындығы дәлелденеді.

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік сәйкестілікті қалыптастыру тұжырымдамасында» (1996) «Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз деген ұғым түпкілікті орнығуы қажет. Қандай ұлттың өкілі болғанына қарамастан, достық, татулық пен келісім ахуалын орнықтыруға жәрдемдесу – әрбір азаматтың борышы» делінген [3].

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында [4] мемлекеттің балалардың Қазақстан халқының тарихымен, дәстүрлерімен, рухани қазыналарымен және әлемдік мәдениет жетістіктерімен танысуына мүмкіндік жасайтыны айтылады.

Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беру стандартының (2001) [5] төмендегідей ойларды арқау етеді:

Қазақстан Республикасы көп ұлтты ел болып табылады, сондықтан, бірлік пен келісімге құрылған қоғамдағы көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу проблемасы этникалық, діни, саяси, идеялық қатынасынан тәуелсіз шешілуі керек. Бұған жол көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жүктелген этникалық құрылымдар арқылы, ЖОО-ғы өз мәдениеті арқылы басқаларға бағытталған қоғамдық субъектіні тәрбиелеу арқылы жатыр. Ол үшін өз мәдениетін терең білуі-басқаларға қызығушылық пен көңіл бөлу фундаменті, ал көппен танысу-рухани баюы мен дамуының негізі. Көп мәдениетті тұлға бұл тұтас дүниетанымы

бар тұлға. Көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу тек индивид іс-әрекетіндегі шығармашылық пен мәдениетті жалғастыру жолымен ғана емес, соны мен бірге қоғамдық құндылығы бар объективті сапалы жаңа нәтижені туындатуға қоғамдық субъектіні бағыттайтын тәрбиелік міндеттерді шешу мүмкіндігі бар. Ондай артық, тек көп мәдениетті тұлға ғана оқу-тәрбие барысын оның гуманизацияландыру және бұқарашыландыру принциптерінде құруға қабілетті.

«Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру Тұжырымдамасы» «түрлі замандар мен халықтардың рухани құндылығын тану негізінде студенттер бойында ұлтжандылық (патриотизм) пен ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыру» мақсатын қояды [6].

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының» негізгі міндеттерінің бірі – қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Егер де бұл Бағдарламаның бүгінгі күні еліміздің білім беру кеңістігін дамытуда басшылыққа алатын басты стратегиялық құжат екенін ескерсек, Қазақстан қоғамында толеранттылық, оның ішінде этникалық толеранттылық қалыптастыруға қандай мән бөлініп отырғаны көрінеді. Толеранттылық қалыптастырудың маңызына ел Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде үнемі баса назар аударады [7]. Оған дәлел – Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдаулары.

Көріп отырғанымыздай, этникалық толеранттылық қалыптастыру мәселесіне елімізде жалпы мемлекеттік тұрғыдан айрықша көңіл бөлініп отыр. Оның ішінде білім беру жүйесі өз спецификасына сәйкес осы идеяны негізгі жүзеге асырушы ролінде көрінеді. Осының негізінде қазіргі уақытта Қазақстанда ұлтаралық қатынастардың жаңа моделі қалыптасып отыр.

Жоғарыда аталғандарды біз тұлғаның этникалық толеранттылығын қалыптастырудың алғышарттары ретінде қарастырамыз, ол осы тұлғалық қасиетті қалыптастыру процесінің барысы мен нәтижесін анықтайды. Сонда этникалық толеранттылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде ұстанымдар, құндылық бағдарлар, білімдер, іскерліктер мен дағдыларды қарастыруға болады. Екінші жағынан, педагогикалық шарттар кешені осы процесті әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін шарттармен толықтырылады. Олардың ішінен оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың түрлі формалары (дәрістік, пікірталастық, ойындық, аудиториядан тыс) бөліп көрсетуге болады.

«Бағдар» – психологиялық түсінік, «субъектінің белгілі бір жағдайда белгілі бір белсенділікке бой ұруы жағдайы» ретінде қарастырылады [8.1257-6]. Бұл анықтамада бағдардың мәні индивидтің (субъектінің) өзіндік қасиеті емес, белгілі бір уақыт пен жағдаяттағы оның жағдайының шарты ретінде көрінеді.

Бұдан қоршаған жағдайлардың (ішкі немесе сыртқы) бағдарға өзіндік әсер ететіні байқалады. Сонымен бірге, бағдарды бұлайша түсіну белгілі бір уақыттағы индивид жағдайының сапалық белгілерін көрсете алмайды. Бағдардың басқа да анықтамаларының мазмұны осымен үндес, мәселен Фьюсон оны «белгілі бір жағдайда белгілі бір мінез-құлық көрсету мүмкіндігі» ретінде түсіндіреді.

Біздің зерттеуіміздің пәніне сәйкес келетін анықтама – Олпорттың анықтамасы: «бағдар – бұл индивидтің өзі байланысқа түсетін барлық объектілер мен жағдаяттарға реакциясына бағыттаушы әсер ететін ой және нервтік даярлық». Бұл анықтама В.Н.Судаковтың тәрбие процесіне қатысты бағдар түсінігімен сәйкес келеді, ол бағдарды индивидтің белгілі бір әрекетке эмоционалдық-еріктік даярлығы ретінде қарастырады [9]. бұл жағдайда индивидтің мінез-құлықтың белгілі бір типіне бағыттылығын көрсететін жағдайының анықтаушы белгісі анық көрінеді. Бұдан бөлек, бір уақытта бағдардың эмоционалдық және еріктік табиғатына ерекше мән беріледі.

Этникалық толеранттылықты қалыптастыру проблемасына қатысты бағдар индивидті тұтас сипаттай ала ма, немесе оның белгілі бір уақыттағы психикалық жағдайын ғана көрсете ме деген сұрақ туындайды. Бұған нақты жауапты Д.Н.Узнадзенің пікірлерінен табуға болады. Оның айтуынша, «бағдар – субъектінің санасының белгілі бір, жеке мазмұны емес, оның белгілі бір жаққа белгілі бір белсенділігінің тұтас бағыттылығы».

Этникалық толеранттылықтың деңгейлерінің әртүрлілігі біздің алдымызға болашақ мұғалімдерді даярлауда қандай толеранттылықты қалыптастыру қажеттігі туралы мәселе қояды. Мәселен, толеранттылықтың минимальды (бастапқы) және максимальды деңгейлері туралы айтуға болады. Біріншісі туралы айтылғанда адамның өзіне қатысты толеранттылығы (өзіндік толеранттылық) жайлы сөз болады, мұнда индивидтің өзін сол қалпында қабылдауы және өзінде даралығын көрсететін қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік маңызды қасиеттерді дамытуы көзделеді. Ал, мегадеңгейде бұл жағдайда мемлекеттік құрылымдар туралы сөз болады (мысалы, бір елдің екіншісінің саясатына араласуы).

Этникалық толеранттылықты қалыптастырудың жолдарын табу үшін оған қандай шарттар (оқытудың және тәрбиенің) әсер ететінін анықтау қажет.

Бұл мәселенің тамыры адамның жинақталған әлеуметтік-мәдени тәжірибені қалайша меңгеруі керек деген сұрақтың шешімін табуға кетеді. Меңгерудің мұндай формалары ішінен құндылықтар, білімдер мен іскерліктер бөлініп шығады. Мәдениет әлеуметтік-мәдени мұраларды иеленудің үш түрін: оқыту (білім), тәрбиелеу және үйретуді бөледі [10].

